

«№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» КМКҚ

**Білім беру саласы: «Таным»**

**Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика негіздері**

**Тақырыбы: «Алыс-жақын.Биік-аласа.Оң жақ-сол жақ»**

Өткізген: Рискалиева Ф.Ж.  
Ортаңғы №1 «Күншуақ» тобы тәрбиешісі

Атырау- 2022ж

**Білім беру саласы:** «Таным»

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** «Математика негіздері»

**Тақырыбы:** «Алыс-жақын. Биік-аласа. Оң жақ-сол жақ»

**Мақсаты:** Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, оң және сол жағын ажыратуды үйретуді жалғастыру. Өзінің айналасында және қағаз бетіндегі кеңістікте бағдарлау білігін бекітуді жалғастыру (алыс-жақын, биік-аласа, оң жақ-сол жақ) осы терминдерді сөйлеген кезде қолдану білігін бекіту. Ойлау белсенділігін, елестетуін дамыту, мұқияттылығын, бір-біріне көмекке даярлығын тәрбиелеу.

**Әдіс - тәсілдері:** сұрақ - жауап, түсіндіру, көрсету.

**Көрнекілігі:** көрнекі құралдар, суреттер, жалаушалар.

**Қимылдық ойын:** «Өз түсіңді тап»

Балалар төрт түсті жалаушалар алады. Жалауша алады да 4-6 адамнан бөлменің бұрыштарында топтасады. Әр бұрыштағы тұғырдың үстіне тәрбиеші әр түрлі жалаушалар (жасыл, көк, сары, қызыл) қояды.

Тәрбиешінің: «Өз түсіңді тап!»- деген жаңа сигнал бойынша балалар өздеріне лайықты түстегі жалаушаға қарай жүгіреді.

**Ғажайып сәт:**

Есік қағылады. Хат келеді.

Балалар, сендерге қоян хат жазыпты. Қоян сендерден көмек сұрайды. Ол өзінің көжегін жоғалтып алыпты. Енді көжегін тауып берулеріңді сұрайды.

Тәрбиеші: -Балалар, қоянға көмектесеміз бе?

Балалардың жауабы.

Ол үшін балалар біз тапсырмалар орындауымыз керек.

-Кәне, тақтаға назарымызды аударайық.

-Балалар, сендер суретте не көріп тұрсыңдар?

Балалардың жауабы.

**Дидактикалық ойын:** «Алыс-жақын. Биік-аласа»

Шартты: Заттардың бір-бірінен алыс немесе жақын орналасқанын көрсету, заттың бойына, ұзындығына байланысты салыстыру.

**Сергіту сәті.**

Ұзын құлақ сұр қоян

Естіп қалып сыбдырды,

Ойлы-қырлы жерлермен

Ытқып-ытқып жүгірді.

Қарап еді артына

Қиығын сап көзінің,

Келе жатқан томпаңдап,

Көжегі екен өзінің.

## **Дидактикалық ойын: «Оң жақ-сол жақ»**

(Балалармен жеке жұмыс)

Шартты: Балалар тәрбиешінің айтуы бойынша кеңістікті бағдарлап суреттерді оң жаққа немесе сол жаққа орналастырады.

Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.

-Балалар, бізден бүгін кім көмек сұрады?

-Балалар, біз бүгін қандай ұғымдар туралы айттық?

-Балалар, бүгін қандай тапсырмаларды орындадық ?

Балалардың жауабы.

Балаларды мадақтау.